«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы МКҚК
Қамқоршылық кеңесі отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ

Өтікізілген күні: «26» қыркүйек 2025ж

КҮН ТӘРТІБІ:
1. Қамқоршылық кеңестің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын құру және бекіту.
2. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері (тамақтану, санитарлық жағдай, ас үй мен қойма жағдайы).
3. Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығының қорытындысы.
4. 2025-2026 оқу жылының жұмыс жоспарымен танысу және міндеттерді айқындау. І.

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз кезегі бөбекжай-бақша меңгерушісі Ж.А.Курмановаға берілді. Ол өз сөзінде Қамқоршылық кеңестің жаңа 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жобасымен таныстырып өтті. Жоспарда жыл бойы атқарылатын негізгі іс-шаралар, атап айтқанда: күзгі «Жасыл балабақша» экологиялық акциясы, «Ата-ана және балабақша: ынтымақтастық пен ашықтық» форумы, балалардың денсаулығы мен тамақтану сапасын бақылау және оқу жылының соңындағы бюджеттік есеп беру шаралары қамтылғанын атап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы А.Аханова сөйледі. Ол балабақшадағы балалардың қауіпсіздігі ең басты орында болуы керектігін ескертті. Осы орайда, ас үй мен азық-түлік сақтайтын қойманың санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігін, мәзірдің дұрыс сақталуын және тамақ өнімдерінің сапасын ата-аналар комитетімен бірлесе отырып тұрақты бақылауда ұстау қажеттігін алға тартты.

Келесі мәселелер бойынша балабақша әдіскері Г.С.Сарсенова жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары (топтарды безендіру, әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету, ғимараттың ішкі-сыртқы жөндеу жұмыстары) толық аяқталғанын мәлімдеді. Сонымен қатар, ата-аналарды оқу-тәрбие процесінің жылдық жоспарымен таныстырып, балалардың тәрбиесі мен дамуы жолында балабақша мен отбасы арасындағы тығыз байланысты арттыруға шақырды.

Кеңес мүшесі Д.Лиманова: «Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары өте тыңғылықты жасалған. Әсіресе, қараша айына жоспарланған "Жасыл балабақша" акциясына ата-аналар белсене қатысады деп сенемін. Балалардың

қауіпсіздігі мен тамақтануын бақылау тобына өзім де мүше ретінде кіруге дайынмын.»

Кеңес мүшесі Г.С.Катимова: «Жаңа оқу жылына дайындық деңгейі жоғары екені көрініп тұр. Топтар таза, балаларға барлық жағдай жасалған. Осы жұмыс жоспарын бірауыздан бекітуді ұсынамын.»

ҚАУЛЫ:

1. «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК Қамқоршылық кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін және іс-шаралардың мерзімінде орындалуы қадағалансын.
2. Балалардың қауіпсіздігін, санитарлық жағдайын, ас үй мен қойманың талапқа сай болуын бақылау мақсатында Қамқоршылық кеңесі мен ата-аналар комитеті мүшелерінен құралған тұрақты мониторингтік топ құрылсын.
3. Жаңа оқу жылының іс-шараларын ұйымдастыруда ата-аналар мен балабақша әкімшілігінің ынтымақтастығы күшейтілсін.